

- 1. Полное наименование неправительственной организации:**
Общественный фонд «Международный благотворительный фонд «Жанашыр»
- 2. Фамилия, имя, отчество (при наличии) руководителя неправительственной организации:** Апетова Жаныл Амантаевна
- 3. Юридический адрес, контактный телефон:** г. Алматы, ул. Торайгырова, 27-308, 87272499590
- 4. Наименование социального проекта, социальной программы в рамках реализации гранта (направление):** Мероприятия по социально-культурной адаптации молодежи из числа репатриантов (оралманов)
- 5. Период реализации социального проекта, социальной программы в рамках гранта (указать месяц и год начала/месяц и год окончания):**
21.07.2017-21.11.2017 год
- 6. Общая сумма средств, выделенная на реализацию гранта:** 2 000 000 тенге

**Сведения о социальных проектах,
социальных программах, реализованных в рамках гранта в отчетный
период**

1. Общая информация по всем мероприятиям социального проекта, социальной программы с приведением количественных показателей (дата, место, тема и форма мероприятия, количество участников, полнота выполнения запланированных мероприятий):

№	Дата	Место	Форма мероприятия	Количество участников	Полнота выполнения запланированных мероприятий
2	21.11.2017 жылдан бастап	Алматы қаласы	Оралмандардың кез-келген ұсыныс, пікірлерін, жиі кездесетін сұрақтарына жылдам жауап қайтару мақсатындағы 24 сағат бойы жұмыс істейтін тікелей желі	1000	100%
3	11.08.2017	Алматы қаласы	«Оралмандардың бейімделуі бойынша әлеуметтік қызметтерді тиімді ұсыну мәселелері» атты дөңгелек үстел	68	100%
4	18-25.08.2017	Алматы қаласы	Оралмандардың әлеуметтік-мәдени бейімделу әрекеттерінің кадамдық жоспарын жасау	5	100%
5	25.10.2017	Алматы қаласы	Оралман жастарға тиімді әлеуметтік-мәдени бейімдеу жөнінде әдістемелік құрал (қазақ тілінде - араб, латын, кирилл әріптерімен) әзірлеп шығару	1000	100%

1) Достижение цели социального проекта, социальной программы и полученные результаты:

Жобаның мақсаты оралмандар қатарындағы жастарды әлеуметтік-мәдени бейімдеу бойынша ағымдағы ахуалды талдау арқылы іс-шаралар ұйымдастыру.

Жобаның қорытындысы бойынша нәтижелер:

- ✓ Оралмандарды әлеуметтік бейімдеу бойынша қадамдық жоспар әзірленді;
- ✓ Тиімді әлеуметтік-мәдени бейімдеу жөніндегі әдістемелік құрал әзірленіп, шығарылды.
- ✓ Шетелдерден Қазақстанға көшіп келіп жатқан этникалық қазақтар мен оралмандардың жаңа ортаға тез бейімделіп, орнығуына көмектер көрсетілді.
- ✓ Құқықтық, заңдық тұрғыда ақпараттар мен кеңестер берілді, тілдік және басқа да кедергілерінің болмауына көмек көрсетілді.
- ✓ Оралмандар қатарындағы жастарды әлеуметтік-мәдени бейімдеу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырылды.

2) Достижение цели (описание фактов и указание аргументов о достижении цели):

«Оралмандар қатарындағы жастарды әлеуметтік-мәдени бейімдеу бойынша іс-шаралар» жобасы бойынша:

24 сағат бойы жұмыс жасайтын жедел желі арқылы Отанына оралған оралмандар қажетті кеңестер алды (жедел желі номері – 8 700 973 85 33; 9738533), сонымен қатар болашақта кездесетін мәселелер бойынша ақпараттар алды. Жедел желіге жүгінген оралмандардың өзекті мәселелерін шешуге көмектесті.

Алматы қаласы Көші-қон полициясы, Алматы қаласы Мемлекеттік еңбек инспекциясы және көші қон басқармасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ЖОО дейінгі білім беру факультеті Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, Алматы қаласы Әкімдігі жанындағы қоғамдық кеңес мүшелерімен, «Алматы қаласы Азаматтық Альянсы» ЗТБ өкілдерімен, Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі, Ішкі саясат басқармасы, Алматы қаласы аудандық әкімдіктері өкілдерімен, оралмандар жөніндегі комиссия мүшелерімен және оралмандармен бірлесе отырып, оралмандарға қатысты проблемаларды, заңнамаға талдау жасап және жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстарды талқылау бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды, ағымдағы ахуал Алматы қаласы оралмандары мысалында талданды.

Ұйымның көп жылғы тәжірибесі, тікелей желі бойынша түскен ұсыныстар және дөңгелек үстел қорытындысы, уәкілетті органдарға жолданған хаттарға берілген жауаптарды негізге ала отырып оралмандарды әлеуметтік бейімдеу бойынша қадамдық жоспар әзірленді.

Республика бойынша Оралман жастарға тиімді әлеуметтік-мәдени бейімдеу жөнінде әдістемелік құрал (қазақ тілінде - араб, латын, кирилл әріптерімен) әзірлеп шығарылды және оның электронды нұсқасы Қазақстанның барлық облыстарындағы Көші-қон мекемелеріне, Шетелдердегі Қазақстан елшіліктері мен консулдықтарына, шетелдердегі қазақ мәдени орталықтарына таратылды.

3) Соответствие запланированных результатов полученным результатам; обоснование отклонений от плана, если таковые имеются:

Барлық жоспарланған нәтижелер алынған нәтижелермен сәйкес келеді. Тек, 24 сағат бойы жұмыс жасайтын жедел желі бойынша кеңес беру саны 1000 деп көрсетілген көрсеткішке жеткен жоқ. Бұл туындаған мәселе бойынша грант иегері алдын ала ақпарат берді және оның орына басқа да жұмыстар атқарылды. Яғни, Алматы қаласындағы халыққа қызмет көрсету орталықтарында оралмандардың әлеуметтік бейімделуінің қадамдық жоспарлары және жедел желінің байланыс номерлері көрсетілген 15 000 парақша таратылды, сонымен қоса оралмандармен және оралмандарға қызмет көрсететін орталықтардың өкілдерімен кездесулер өткізілді, «Шалқар» газетінде арнайы рубрика, әлеуметтік желіде «Елдесіміздің есіне» парақшасы ашылып, өз мәселелері бойынша жүгінген тұлғаларға кеңестер беріліп, көмектер көрсетілді. Жедел желіге жүгінушілер санының 209 болуының себебі 2017 жылы Алматы қаласына келген оралмандадың саны 300. Сол себепті, жоспардан ауытқушылықтар орын алған жоқ деуге болады.

4) Измерение социальных и других изменений, произошедших по окончании и/или в течение реализации социального проекта, социальной программы (сравнить до проектную ситуацию и ситуацию на момент завершения проекта, степень решения проблем и задач в рамках проекта):

Аталған жобаның басталғанға дейінгі және қазіргі уақытты салстыратын болсақ, бұғанға дейін отандастарымыз құжаттарды рәсімдеу, білім алу, әлеуметтік бейімделу тұрғысында көмекке зәру болатын, қазіргі таңда 24 сағат бойы жұмыс жасайтын жедел желі арқылы кез келген оралман өз сұрағының жауабын ала алады. Шетелде болсын, Қазақстанда болсын, көші-қон саласында жұмыс істейтін мамандардың бәрі бірдей тиісті ақпараттар мен кеңестерді берулері үшін олармен кездесулер өткізілді, мәселелер талқыланды. Оралмандардың елімізге келгенге дейінгі және елге келгеннен кейінгі кезеңдерінде туындайтын мәселелер көп және олардың жауабын алатын құжаттың жоқтығы – тағы бір жағдай болатын, мұның

шешімі арнайы оралмандардың тиімді әлеуметік бейімделуіне арналған әдістемелік құралдың әзірленіп таратылуы болып тұр.

2. Статистическая информация в разрезе участников социального проекта, социальной программы:

1) гендерный показатель:

Количество участников проекта всего	Мужчин	Женщин
325	86	139

2) социальный статус по категориям:

Количество участников проекта всего	Дети (в том числе дети-инвалиды)	Молодежь	Государственные служащие	Работники бюджетных организаций	Инвалиды	Люди старшего возраста (от 50 лет и старше), в т.ч.	Безработные	Представители общественных организаций	Представители бизнес-сектора	Другие категории
325	3	130	18	12	-	30	-	12	8	112

3) возрастной показатель:

Количество участников проекта всего	от 16 лет	13-17 года	17-22 года	23-27 лет	28-32 года	33-45 лет	46-58 лет	59 лет и выше
325	3	5	13	120	150	25	9	

3. Результаты проекта:

1) конкретные результаты, полученные в ходе реализации проекта указанными целевыми группами (с указанием количественных показателей, описанием качественных сдвигов):

24 сағат бойы жұмыс жасайтын жедел желі арқылы Отанына оралған 209 оралман қажетті кеңестер алды (жедел желі номері – 8 700 973 85 33; 9738533), сонымен қатар болашақта кездесетін мәселелер бойынша ақпараттар алды. Нәтижесінде 12 оралманның өзекті мәселесі шешілді. Мысалы, Тәджікстаннан келген Самежан отбасы кеденнен өту кезінде алып өтіп жатқан жүктеріне байланысты мәселе туындағын, осы мәселені грант иегері Алматы қаласының Қоғамдық кеңесіне жүгіну арқылы шешіп берді. Қытай елінен келген Кенжегүлде ауруханаға тіркелуі кезінде, ал тағы бір оралманда қызын мектептен мектепке ауыстыру барысында мәселелер туындаған және осы мәселелер шешілді.

Алматы қаласындағы халыққа қызмет көрсету орталықтарында оралмандардың әлеуметтік бейімделуінің қадамдық жоспарлары және жедел желінің байланыс номерлері көрсетілген 15 000 парақша таратылды, сонымен қоса оралмандармен және оралмандарға қызмет көрсететін орталықтардың өкілдерімен кездесулер өткізілді (кездесуге қатысушылар саны – 44 адам), «Шалқар» газетінде арнайы рубрика, әлеуметтік желіде «Елдесіміздің есіне» парақшасы ашылып, өз мәселелері бойынша жүгінген тұлғаларға кеңестер беріліп, көмектер көрсетілді.

Алматы қаласы Көші-қон полициясы, Алматы қаласы Мемлекеттік еңбек инспекциясы және көші қон басқармасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ЖОО дейінгі білім беру факультеті Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, Алматы қаласы Әкімдігі жанындағы қоғамдық кеңес мүшелерімен, «Алматы қаласы Азаматтық Альянсы» ЗТБ өкілдерімен, Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі, Ішкі саясат басқармасы, Алматы қаласы аудандық әкімдіктері өкілдерімен, оралмандар жөніндегі комиссия мүшелерімен және оралмандармен бірлесе отырып, оралмандарға қатысты проблемаларды, заңнамаға талдау жасап және жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстарды талқылау бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды, ағымдағы ахуал Алматы қаласы оралмандары мысалында талданды. Дөңгелек үстелдің жұмысына барлығы 68 адам қатысты және жұмыс барысында оралмандарға кеңестер беріліп, мәселелері бірден шешілді.

Республика бойынша Оралман жастарға тиімді әлеуметтік-мәдени бейімдеу жөнінде әдістемелік құрал (қазақ тілінде - араб, латын, кирилл әріптерімен) әзірленіп, 1000 данамен шығарылды және оның электронды нұсқасы Қазақстанның барлық облыстарындағы Көші-қон мекемелеріне, Шетелдердегі Қазақстан елшіліктері мен консулдықтарына, шетелдердегі

қазақ мәдени орталықтарына таратылды. Әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарға салынды, қазіргі таңда барлығы 74 000 адамның бұл әдістемелік құралды қолдануға мүмкіндігі бар. Әдістемелік құралға оралмандарды әлеуметтік бейімдеу бойынша қадамдық жоспар енгізілді.

2) долговременное влияние проекта на решаемую в ходе его реализации проблему (обоснование прогнозируемых позитивных/негативных изменений в той или иной сфере, вызванных проектом):

Аталған жобаның ұзақ мерзімді әсерінің негізгі факторы оралмандардың кез-келген ұсыныс, пікірлерін, жиі кездесетін сұрақтарына жылдам жауап қайтару мақсатындағы 24 сағат бойы жұмыс істейтін тікелей желі, оралмандардың әлеуметтік-мәдени бейімделу әрекеттерінің қадамдық жоспары, оралман жастарға тиімді әлеуметтік-мәдени бейімдеу жөнінде әдістемелік құрал болып табылады. Себебі, жоғарыда аталған материалдар оралмандардың өзекті мәселелерін шешуге өз ықпалын тигізеді.